КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 18 қыркүйек № 4360-24-00-2/1820 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Т.Қ.Жүсіпов,
сот отырысының хатшысы А.Нұрмахановтың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электронды форматтағы азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫЛАР:
«Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
«Жалағаш ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Тау Кен Шахта Құрылыс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫЛАРДЫҢ ЖАҒЫНДА ДАУДЫҢ НЫСАНАСЫНА ДЕРБЕС ТАЛАПТАРЫН МӘЛІМДЕМЕЙТІН ҮШІНШІ ТҰЛҒАЛАР:
«Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Қызылорда облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі
«Шымкент қаласының құрылыс басқармасы» мемлекеттік мекемесі
«Шымкент қаласының энергетика және инфрақұрылымды дамыту басқармасы» мемлекеттік мекемесі
«Асанас-Дар» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫЛАРДЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшылардың өкілдері А.Б.Серіков, Ә.Алдабергенов
үшінші тұлға «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Қызылорда облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесінің өкілі А.Б.Жұманов
үшінші тұлға «Шымкент қаласының құрылыс басқармасы» мемлекеттік мекемесінің өкілі Б.Құлатаев

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

үшінші тұлға «Шымкент қаласының энергетика және инфрақұрылымды дамыту басқармасы» мемлекеттік мекемесінің өкілі Д.Т.Райымбекова

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Екі талап қоюшының талаптары бойынша

«Жалағаш ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі тапсырыс беруші ретінде, «Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ұйымдастырушы ретінде өткізілген № 12322438-1 «Жалағаш кенті емдеу мекемелерінің (100 төсек орынға арналған орталық аурухана, 20 төсек орынға арналған жұқпалы аурулар ауруханасы, бір ауысымда 250 келушіге арналған аудандық емхана) кәріздік құрылыстарын салу»; «Жаңақорған ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі тапсырыс беруші ретінде, «Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ұйымдастырушы ретінде өткізілген № 12260019-1 «Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кентінде Саяжай-1 учаскесінің (300 гектар) түбегейлі жоспарлау жобасына сай инженерлік инфрақұрылым желілерін салу. Газбен жабдықтау» және «Қызылорда қаласының құрылыс бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі тапсырыс беруші, «Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ұйымдастырушы ретінде өткізілген № 12255899-1 «Қызылорда қаласы, Ақжарма ауылдық округіне қарасты Баймұрат батыр, Талдыарал елді мекендері, Төрттам учаскесіне жаңадан газ құбырын жүргізу» ашық электрондық мемлекеттік сатып алу конкурстары жарияланып, 2024 жылғы 3 маусымдағы конкурстардың қорытынды хаттамаларына сай «Тау Кен Шахта Құрылыс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жеңімпаз болып айқындалған.

Жауапкер «Тау Кен Шахта Құрылыс» ЖШС конкурстық құжаттамаға 9-қосымшасы «Құрылыс саласындағы жұмыстарды сатып алу кезіндегі біліктілік әрі конкурстық баға ұсынысына әсер ететін өлшемшарттар туралы мәліметтерінде» «Шымкент қаласындағы Төлеметов көшесіндегі 7 көп қабатты тұрғын үйлердің және офистің құрылысы», «Тұран тұрғын үй кешеніндегі 5 қабатты үйлердің инженерлік инфрақұрылым желілерінің құрылысы» нысандары бойынша бас мердігер ретінде жұмыстардың атқарылғанын көрсетіп, жұмыс тәжірибесі ретінде көрсеткен. Аталған нысандар бойынша тапсырыс беруші ретінде үшінші тұлға «Шымкент қаласының құрылыс басқармасы» мемлекеттік мекемесін көрсеткен.

Сондай-ақ жауапкер «Тау Кен Шахта Құрылыс» ЖШС конкурстық құжаттамаға 9-қосымшасында «Шымкент қаласы, Асар-2 шағын ауданында (сыртқы ауыз су) инженерлік жүйелерінің құрылысы» жұмыстарын орындау бойынша біліктілігі бар екенін, осы нысан бойынша тапсырыс беруші ретінде үшінші тұлға «Шымкент қаласының энергетика және инфрақұрылымды дамыту басқармасы» мемлекеттік мекемесін көрсеткен.

Құжатқа қол қойылған: Жусупов Т. К., 25.09.2024

Заңды күшіне енген күні: 29.10.2024, судья Елшибеков Б. Е., 29.10.2024

4360-24-3-1/1858

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

№ 12260019-1 және № 12255899-1 мемлекеттік сатып алу конкурстары бойынша тапсырыс берушілердің мемлекеттік сатып алудан жүзеге асырудан бас тартуларына байланысты жауапкер «Тау Кен Шахта Құрылыс» ЖШС-н шарттар жасалмаған, сәйкесінше аталған тапсырыс берушілердің мүдделері қозғалмайтындықтан, ол конкурстар бойынша ұйымдастырушы сотқа талап қоюды бергендіктен, үшінші тұлғалар ретінде тартылған жоқ. Яғни өткен үш конкурстың біреуімен ғана шарт жасалған.

Жауапкер «Тау Кен Шахта Құрылыс» ЖШС және талап қоюшы «Жалағаш ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің арасында «Жалағаш кенті емдеу мекемелерінің (100 төсек орынға арналған орталық аурухана, 20 төсек орынға арналған жұқпалы аурулар ауруханасы, бір ауысымда 250 келушіге арналған аудандық емхана) кәріздік құрылыстарын салу» бойынша 2024 жылғы 12 маусымда № 66 шарт жасалған.

Өткізілген № 12322438-1 конкурс бойынша екінші орын алған әлеуетті өнім беруші «Асанас-Дар» ЖШС жауапкердің жұмыс тәжірибесі бойынша күмән туындауына байланысты шағым жолдаған.

2024 жылғы 20 маусымдағы үшінші тұлға «Шымкент қаласының құрылыс басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Қызылорда облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесінің сұранысына берген жауабына сәйкес «Шымкент қаласындағы Төлеметов көшесіндегі 7 көп қабатты тұрғын үйлердің және офистің құрылысы», «Тұран тұрғын үй кешеніндегі 5 қабатты үйлердің инженерлік инфрақұрылым желілерінің құрылысы» нысандары бойынша жауапкер «Тау Кен Шахта Құрылыс» ЖШС-мен шарт жасалмаған.

2024 жылғы 24 маусымдағы үшінші тұлға «Шымкент қаласының энергетика және инфрақұрылымды дамыту басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Қызылорда облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесінің сұранысына берген жауабына сәйкес «Шымкент қаласы, Асар-2 шағын ауданында (сыртқы ауыз су) инженерлік жүйелерінің құрылысы» жұмыстарын жауапкер жүргізбеген.

Қызылорда облысының прокуратурасы 2024 жылғы 26 маусымда заңдылықтың бұзылуын жою туралы ұсыну енгізіп, оған сәйкес мемлекеттік сатып заңнамасының сақталуына талдау жүргізілу нәтижесінде «Тау Кен Шахта Құрылыс» ЖШС тарапынан біліктілік талаптары бойынша анық емес ақпарат берілгені анықталуына байланысты тиісті шара қолдануды сұраған.

«Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі және «Жалағаш ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жауапкер «Тау Кен Шахта Құрылыс» ЖШС біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша анық емес ақпарат беруіне байланысты аталған серіктестікті мемлекеттік сатып

Құжатқа қол қойылған: Жусупов Т. К., 25.09.2024
Заңды күшіне енген күні: 29.10.2024, судья Елшібеков Б. Е., 29.10.2024
4360-24-3-1/1858

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюларымен сотқа жүгініп, сот ұйғарымымен талап қоюлар бір өндіріске біріктірілген.

Жауапкер талап қоюға қарсы пікірін сотқа ұсынбады.

Талап қоюшылардың өкілдері А.Б.Серіков және Ә.Алдабергенов талап қоюларын қуаттап, қанағаттандыруды сұрап, жауапкердің конкурстық құжаттамаға 9-қосымшасында көрсеткен 23 жұмыс тәжірибесінің 22 жұмыс тәжірибесі анық емес ақпарат болуы ескеріліп, электрондық депозитарийде бұғатталғанын атап өтті.

Үшінші тұлға «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Қызылорда облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесінің өкілі А.Б.Жұманов жауапкер «Тау Кен Шахта Құрылыс» ЖШС біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша анық емес ақпарат беруіне байланысты аталған серіктестікті мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұрады.

Үшінші тұлға «Шымкент қаласының құрылыс басқармасы» мемлекеттік мекемесінің өкілі Б.Құлатаев «Шымкент қаласындағы Төлеметов көшесіндегі 7 көп қабатты тұрғын үйлердің және офистің құрылысы», «Тұран тұрғын үй кешеніндегі 5 қабатты үйлердің инженерлік инфрақұрылым желілерінің құрылысы» нысандары бойынша жауапкер «Тау Кен Шахта Құрылыс» ЖШС-мен шарт жасалмағанын растап, талапты толық көлемде қанағаттандыруды сұрады.

Үшінші тұлға «Шымкент қаласының энергетика және инфрақұрылымды дамыту басқармасы» мемлекеттік мекемесінің өкілі Д.Т.Райымбекова «Шымкент қаласы, Асар-2 шағын ауданында (сыртқы ауыз су) инженерлік жүйелерінің құрылысы» жұмыстарын жауапкер жүргізбегенін растап, талапты толық көлемде қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер «Тау Кен Шахта Құрылыс» ЖШС, үшінші тұлға «Асанас-Дар» ЖШС өкілдері сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарланғанымен, сот отырысына қатыспады, қатыса алмау себептерін алдын ала сотқа хабарламады, істі өздерінің қатысуынсыз қарауды сұрамады. Сондықтан сот Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (әрі қарай – АПК-нің) 196-бабына сәйкес істі көрсетілген тұлғалар өкілдерінің қатысуынсыз қарауды ұйғарым етті.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Екі талап қоюшының талаптары бойынша

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V Заңының (әрі қарай – Заң) 12-бабының 4-тармағының 1)-тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша анық емес ақпарат берген әлеуетті өнім берушілердің немесе өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Құжатқа қол қойылған: Жусупов Т. К., 25.09.2024

Заңды күшіне енген күні: 29.10.2024, судья Елшібеков Б. Е., 29.10.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Заңның 11-бабының 1-тармағына сәйкес біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша анық емес ақпарат берген әлеуетті өнім берушілер немесе өнім берушілер осы Заңда белгіленген тәртіппен мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізіледі.

Анық емес ақпарат – әлеуетті өнім берушінің конкурсқа (аукционға) қатысуға арналған өтінімінде қамтылған, сол сияқты әлеуетті өнім берушінің берілген өтінімінің шынайы мазмұнын бұрмалайтын және шындығына сәйкес келмейтін түзетулер арқылы енгізілген жалған мәліметтер.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 243-тармағына сәйкес әлеуетті өнім берушіде өткізілетін мемлекеттік сатып алудың нысанасы болып табылатын жұмыстар, көрсетілетін қызметтер нарығында ағымдағы жылдың алдындағы соңғы он жылдың ішіндегі жұмыс тәжірибесінің болуы конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде конкурстық баға ұсынысына әсер ететін т.б. өлшемшарттар болып табылады.

Әлеуетті өнім беруші осы өлшемдерді растайтын құжаттарды бермеген жағдайда конкурстық комиссия мұндай әлеуетті өнім берушіге тиісті шартты жеңілдікті қолданбайды.

«Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 21 сәуірдегі № 4 Нормативтік қаулысының 9-тармағына сәйкес әлеуетті өнім беруші немесе өнім беруші: 1) біліктілік талаптары бойынша; 2) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша анық емес ақпарат ұсынған кезде Заңның 11-бабы 1-тармағының негізінде мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылуы мүмкін. Мұндай жағдайларда біліктілік талаптарына және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттарға қатысты кез келген анық емес мәліметтер өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану үшін негіз болып табылады.

Сотта анықталғандай, № 12322438-1, № 12260019-1 және № 12255899-1 мемлекеттік сатып алу конкурстарына қатысу кезінде бас мердігер ретінде жұмыс істегенін көрсететін біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша анық емес ақпарат берген. Яғни «Шымкент қаласындағы Төлеметов көшесіндегі 7 көп қабатты тұрғын үйлердің және офистің құрылысы», «Тұран тұрғын үй кешеніндегі 5 қабатты үйлердің инженерлік инфрақұрылым желілерінің құрылысы», «Шымкент қаласы, Асар-2 шағын ауданында (сыртқы ауыз су) инженерлік жүйелерінің құрылысы» нысандары бойынша бас мердігер болып жұмыс жасағанына қатысты ақпараттары осы объектілердің тапсырыс берушілерінің өкілдерінің түсініктемелерімен және жазбаша жауаптарымен жоққа шығарылды. Сондай-ақ жауапкердің конкурстық құжаттамаға 9-қосымшасындағы көрсеткен 23

Құжатқа қол қойылған: Жусупов Т. К., 25.09.2024

Заңды күшіне енген күні: 29.10.2024, судья Елшібеков Б. Е., 29.10.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

жұмыс тәжірибесінің 22 жұмыс тәжірибесі анық емес ақпарат болуына байланысты электрондық депозитарийде бұғатталған.

Ал жауапкер талап қою мән-жайларын жоққа шығаратын дәделдемелер ұсынбады.

Жоғарыда анықталған жағдайларда, талап қою қанағаттандырылып, жауапкер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылуға жатады.

Сонымен бірге АПК-нің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1846 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілуі тиіс.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшылар «Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің, «Жалағаш ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюлары қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Тау Кен Шахта Құрылыс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «Тау Кен Шахта Құрылыс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге тараптар апелляциялық шағым, прокурор апелляциялық өтінішхат ол түпкілікті нысанда шығарылған күннен, ал сот талқылауына қатыспаған адамдар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына беруі мүмкін.

Судья **Т.Қ.Жүсіпов**

Құжатқа қол қойылған: Жусупов Т. К., 25.09.2024

Заңды күшіне енген күні: 29.10.2024, судья Елшібеков Б. Е., 29.10.2024